

**"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 19 наурыздағы № 129 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 04.04.2025 № 149 бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" функционалдық тобында:

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

769 "Облыстың сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 004 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары";

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

6 "Қылмыстық-атқару жүйесі" функционалдық кіші тобында:

201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

077 "Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 102 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"102 Қылмыстық - атқару жүйесінің объектілерін салу, реконструкциялау";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 054 және 082 бюджеттік бағдарламалары бар 772 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"772 Облыстың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасы

054 Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер

082 Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ға бюджеттік кредит беру";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

2 "Су шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

652 "Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

254 "Су ресурстарын тиімді басқару" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 106 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"106 Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*М. Такиев*